# SOZAQ ÚNI

№07 (9363)

ДҮЙСЕНБІ 26 қаңтар, 2026 жыл

sozak_uni@mail.ru

www.sozak-uni.kz

Аудандық қоғамдық-саяси және ақпараттық газет

Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады




# Бизнес және жайлы іскерлік орта

Үкімет басшысы Олжас Бектенов Мемлекет басшысының тапсырмаларын іске асыру аясында Қаржы министрлігінің фискалдық саясатын жетілдіру мен ақпараттық жүйелерді цифрландыру мәселелеріне арналған кеңес өткізді. Оған орталық мемлекеттік органдар мен өңірлік мемлекеттік кірістер департаменттерінің басшылары қатысты.

Жиында өткен жылғы мемлекеттік бюджет кірісінің орындалу қорытындылары жарияланды. Қаржы министрі Мәди Такиевтің айтуынша, кірістер жоспары 100,1 пайызға орындалып, бюджетке 24,6 трлн теңге түсті. Ал жаңа Салық кодексі күшіне енген биылғы 1 қаңтардан бері 454 мың салық төлеуші оңайлатылған декларация бойынша қызметін растаған. Бұған қоса өзін-өзі жұмыспен қамтығандар ретінде 138 мың азамат тіркеліп, олардың 122 мыңы алғаш рет есепке алынған. 7 мыңнан астам кәсіпкер ҚҚС төлеушілер қатарына қосылды.

Үкімет басшысы салық төлеушілерге ашық, түсінікті әрі қолайлы жағдай қалыптастырудың маңызын атап өтті. Оның айтуынша, ішкі кірістер қызметінің жұмысы бизнеске бағытталған серіктестік үлгіде болуға тиіс. Биыл шағын және орта бизнес үшін өтпелі кезең болатыны айтылып, төлемдердегі техникалық қателіктер үшін айыппұлдар қолданылмайтыны жеткізілді.

Қаржы вице-министрі Ержан Біржанов Мемлекеттік кірістер комитетінде жүргізіліп жатқан цифрлық жаңғырту жұмыстарымен таныстырды. Бұған дейінгі 12 ескірген жүйенің орнына 5 жаңа платформа енгізіліп, салықтық және кедендік әкімшілендіру микросервистік модельге көшірілді. Нәтижесінде, деректерді өңдеу жылдамдығы артты, онлайн төлемдер қолжетімді болды әрі жүйеге бір мезетте кіретін пайдаланушылар саны екі жарым есе өсті.

Цифрландырудың нақты нәтижесі ретінде ҚҚС декларациялары автоматты түрде алдын ала толтыру мүмкіндігі іске қосылды. Бұл бизнеске есептілікті жеңілдетуге көмектеседі. Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін мәртебе «е-Saluq Business» қосымшасы арқылы автоматты беріледі. Қазір жаңа жүйелерде 800 мың есептілік нысаны рәсімделіп, цифрлық сервистер 1,7 млн бизнес субъектісін қамтып отыр.

Сондай-ақ жаңа цифрлық құралдар тек салық пен кеденге емес, азық-түлік бағасын мониторингілеу, статистика қалыптастыру, субсидия беру, заңсыз сатып алулардың алдын алу мен құқық қорғау органдарына ақпараттық қолдау көрсету сияқты салаларда да пайдаланылып отыр. «Big Data» бірыңғай аналитикалық платформасы 74 дереккөзбен интеграцияланып, былтыр қосымша 700 млрд теңгеден астам төлемдер мен салық түсімдерінің орындалуына ықпал етті.

Тексеру мен бақылау тетіктерінің күшеюі заңсыз схемалардың алдын алуға мүмкіндік берді. Қанатқақты жобалар нәтижесінде кассалық тәртіп бұзушылықтары анықталып, ҚҚС бойынша тәуекелді компанияларды биометриялық сәйкестендіру модулі арқылы сүзгіден өткізу іске асты. Жалпы, 30 млрд теңгенің заңсыз электрондық шот-фактура шығару мүмкіндігі тоқтатылды.

Кедендік әкімшілендіруде де өзгерістер жүзеге асып жатыр. Keden ақпараттық жүйесі транзиттік декларация рәсімдеу уақытын 30 минуттан 10 минутқа қысқартып, бюджетке өткен жылы қосымша 115 млрд теңге кедендік төлемдер түсірді. Бұл біртіндеп толық автоматтандыруға бағытталған күрделі жұмыстың нәтижесі екені айтылды.

Кеңес қорытындысы бойынша Премьер-министр бірқатар нақты тапсырма жүктеді. Қаржы министрлігіне–қоғам мен сарапшылардың ұсыныстарын сапалы қарау, аумақтық кірістер департаменттеріне- жергілікті деңгейде реформаларды дұрыс іске асыру мен түсіндіру жұмысын жүргізу, Жасанды интеллект министрлігіне–ақпараттық жүйелерді жоғары жылдамдықтағы инфрақұрылыммен қамтамасыз ету міндеті қойылды. Сондай-ақ Ұлттық тауарлар каталогін электрондық сауда алаңдары мен маркетплейстерде қолдану аясын кеңейту жөнінде тапсырма берілді.

Осылайша, салықтық және кедендік әкімшілендіруді цифрландыру еліміздің экономикасының ашықтығын арттыруға, бизнес жүгіне түсетін салмақты азайтуға әрі мемлекет пен кәсіпкерлер арасындағы серіктестік мәдениетін қалыптастыруға бағытталып отыр.

# Қазақстан-Моңғолия арасындағы тауар айналымы 500 млн долларға дейін артады

Премьер-министрдің орынбасары-ұлттық экономика министрі Серік Жұманғарин Моңғолия Премьер-министрінің орынбасары Хассуурийн Ганхуягпен кездесті.

Кездесу барысында Серік Жұманғарин Моңғолия Премьер-министрін жоғары мемлекеттік лауазымға тағайындалуымен құттықтап, табысты еңбек тіледі. Ол Моңғолия Қазақстанның Азия аймағындағы маңызды серіктесі екенін, ал екіжақты ынтымақтастық тарихи терең тамырлы өзара құрмет пен сенім рухында дәйекті түрде дамып келе жатқанын атап өтті.

Қазақ-моңғол әріптестігінің негізі ретінде сауда-экономикалық өзара іс-қимылға басты назар аударылады. Мемлекет басшылары ортамерзімді перспективада екіжақты тауар айналымын 500 млн долларға арттыру мақсатын қойып отыр. Тараптар оған екі ел арасындағы жеткізу номенклатурасын кеңейту, кооперациялық жобаларды дамыту, сауда, әкімшілік кедергілерді кезең-кезеңімен жою есебінен қол жеткізілетініне сенім білдірді.

2025 жылғы қаңтар-қарашадағы қорытындылары бойынша Қазақстан мен Моңғолия арасындағы тауар айналымы $121,5 млн-ға (+5,5%), оның ішінде экспорт $113 млн-ға, импорт $8,6 млн-ға жетті. Қазақстан экспортының құрылымында темекі өнімі, рапс тұқымы, нан, ұн және кондитерлік өнім, тамақ өнімі, майлы дақыл, сондай-ақ қозғалтқыштар мен машина жасау өнімі басым. Моңғолиядан ет пен ет өнімі, кашемир, аяқ киім, кілем, жүннен жасалған бұйымдар импортталады.

Тауар айналымын одан әрі арттыру мақсатында Қазақстан тарапы тікелей іскерлік байланыс орнату, сондай-ақ еліміздегі индустриялық және еркін экономикалық аймақтар мен экспорттық әлеуетті таныстыру үшін Моңғолияға сауда миссиясын жіберуді жоспарлап отыр.

Жиында ауыл шаруашылығы салаларындағы жоғары ынтымақтастықтың әлеуеті де атап өтілді. Тараптар Қазақстанның аграрлық өнім экспортын арттыру, сондай-ақ Моңғолия аумағында оларның өндірісін орнату мүмкіндігін, ветеринариялық вакциналарды жеткізу перспективасын талқылады.

Өз кезегінде Хассуурийн Ганхуяг аймақтағы әріптес тұрғысында Қазақстанның Моңғолия үшін стратегиялық маңызын атап көрсетіп, биыл екіжақты ынтымақтастықты



жандандыруға сенім білдірді. Ол Қазақстанның Моңғолия мен Орталық Азия елдері арасындағы дәнекер ретіндегі рөліне тоқталып, тарифтік емес кедергілерді анықтау және жою бойынша бірлескен жұмыс тобын құруға мүдделі екенін мәлімдеді. Моңғолия тарапы стандарттау, ветеринариялық қорғау және мал шаруашылығы саласындағы өзара іс-қимылды тереңдетуге қызығушылық білдірді.

Кездесу соңында тараптар сындарлы және өзара тиімді ынтымақтастықты одан әрі дамытуға ниеттестік білдірді.

# Қазақстанның 36 спортшысы Олимпиадада ел намысын қорғайды

Италияның Милан және Кортина-д'Ампеццо қалаларында ақпан айының 6-22 күндері XXV қысқы Олимпия ойындары өтеді. Төрт жылдықтың басты додасына 93 елден барлығы 3 500-ден астам спортшы қатысады.

Қазақстан қысқы Олимпиадаға тоғызыншы мәрте қатыспақ. Ұлттық құрама сапынан Италиядағы додаға жалпы саны 36 спортшы (18 ер, 18 әйел) ел намысын қорғайды. Салыстырайық 2022 жылы Қытайдың Бейжің қаласында өткен қысқы Олимпиадаға Қазақстан атынан 34 спортшы (17 ер, 17 әйел) бақ сынаған.

XXV қысқы Олимпия ойындарында Қазақстан намысын қай өңірден неше спортшы қорғайтыны мәлім болды. Қысқы спорт түрлері негізінен солтүстік және шығыс өңірлерде жақсы дамыған. Дегенмен, оңтүстік аймақтардан да спортшылар қатыспақ.

Қысқы Олимпиадаға ең көп спортшыны Алматы қаласы мен Ақмола облысы ұсынып отыр. Алматыдан Миланға 4 спорт түрінен 6 спортшы аттанады. Ал Ақмоладан 2 спорт түрінен 6 спортшы барады.

Туризм және спорт министрлігінің мәліметінше, кейінгі орындарға Шығыс Қазақстан, Алматы облыстары, сондай-ақ Астана және Шымкент қалалары жайғасқан. Шығыс Қазақстан облысы мен Шымкент қаласынан 1 спорт түрінен 4 спортшыдан қатысса, Астана қаласынан 3 спорт түрінен 4 спортшы, Алматы облысынан 4 спортшы 2 спорт түрінен өнер көрсетеді. Сондай-ақ Павлодар облысынан 3 спортшы (3 спорт түрі), Қостанай облысынан 2 спортшы (1 спорт түрі) және Солтүстік Қазақстан, Қарағанды, Абай облыстарынан 1 спортшы (1 спорт түрі) сайысады.

***«Созақ үні»-ақпарат.***

# Басты мақсатымыз-жұмыссыздықты азайтып, халықтың тұрмыс сапасын арттыру

Аудан әкімдігі ғимаратының мәжіліс залында аудан әкімдігі және аудандық прокуратураның бастамасымен жергілікті тұрғындарды тұрақты жұмыспен қамтуға бағытталған төртжақты серіктестік меморандумға қол қойылды.

Құжаттың мақсаты–аудан аумағындағы ірі кәсіпорындарда ең алдымен жергілікті азаматтарды жұмыспен қамту, еңбек нарығын жүйелеу және әлеуметтік тұрақтылықты нығайту.



Жиынға аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков, аудандық прокуратура, ҚР ҰҚК Созақ аудандық бөлімі, аудандық «Мансап орталығы» және жұмыс беруші кәсіпорындар-«Инкай» БК» ЖШС, «АППАК» ЖШС, «ОТХК» БК» ЖШС, «Қаратау» ЖШС, «Ақбастау» БК» АҚ, «ОРТАЛЫҚ» ӨК» ЖШС, «Буденовское» БК» ЖШС, «Казатомпром-SaUran» ЖШС, «Волковгеология» АҚ, «Уранкуат» ЖШС, «Drilling Company» ЖШС және «KAP Logistics» ЖШС басшылары мен өкілдері қатысты.

Меморандумға қол қою барысында аудан басшысы Мұхит Сексенбайұлы бастаманың маңыздылығына айрықша тоқталды.

-«Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың жергілікті азаматтарды тұрақты жұмыспен қамту жөнінде нақты тапсырмасы бар. Жақында бұл мәселе облыс деңгейінде де талқыланды. Облыс әкімі жұмысты күшейту жөнінде міндеттер жүктеді. Біздің сіздерге ұсынысымыз-кез келген бос жұмыс орнына ең алдымен жергілікті тұрғындарды қабылдау. Басты мақсатымыз жұмыссыздықты азайтып, халықтың тұрмыс сапасын арттыру. Бұл меморандум қағаз жүзінде қалып қоймай, нақты нәтижеге жұмыс істеуі тиіс»,–деді аудан басшысы.

Сонымен қатар, аудан әкімі жергілікті кәсіпкерлерді қолдау, отандық өнімді тұтынуды арттыру, өндіріс орындарын ет және сүт өнімдерімен аудан шаруашылықтары арқылы қамту мәселелерін көтерді. Пробация есебінде тұрған азаматтарды жұмысқа орналастыру және әлеуметтік бейімдеуді де тілге тиек етті. Аудандағы тігін цехын ашуды жолға қойған жергілікті жас кәсіпкер Абылай Ералыұлының өндірісінен шыққан құрылысқа қажетті арнайы жабдықтар таныстырылды.

Айта кетейік, жаңа құжат арқылы вакансиялар туралы ақпарат алмасудың тұрақты тәртібі бекітілді. Ендігіде жұмыс беруші тарап бос жұмыс орындары мен қажетті мамандықтар туралы ақпаратты «Мансап орталығына» тұрақты жолдап отырады. Бұл деректер enbek.kz порталына жарияланады. Мансап орталығы сол арқылы жұмыссыз азаматтарға жолдама береді және еңбек қатынастарының заңды рәсімделуін бақылайды. Аудан әкімдігі өңірлік жұмыспен қамту картасын іске асырып, жаңа жұмыс орындарының ашылуын қамтамасыз етсе, прокуратура процестің заңдылығына мониторинг жүргізеді.

Аталған меморандум 2026 жылғы 31 желтоқсанға дейін күшінде болады. Құжатта көзделген көрсеткіштердің орындалуы ай сайын қаралып, аудан басшысына баяндалып отырады.

Бұл бастама Созақ ауданында әлеуметтік тұрақтылықты нығайтуға, тұрғындардың табысын арттыруға және жергілікті кадрларды ірі өндіріс орындарына тартуға бағытталады.

# Ауданда асыл тұқымды ірі қара малының саны артып келеді

Ауданда етті бағыттағы мал басын арттыру бағытында ауқымды жұмыс жүргізілуде. «Каз плем завод» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі арқылы ауданға 1 474 бас «Калмық» асыл тұқымды мүйізді ірі қара мал әкелінді. Оның ішінде 1 245 басы аналық, 229 басы өткен жылғы төлдер.

Шаруа қожалығы әкелінген мал басын ауданның арнайы жер қорындағы Бетпақдала аумағынан бөлінген 5 000 гектар жайылым жерге орналастыруда.



Бұдан бөлек орман қоры жерінен 9000 гектар жайылым жерге келісім шартқа отырған. Қазіргі таңда барлық мал ауданға тіркеліп, ветеринариялық есепке алынды.

«Каз плем завод» ЖШС 2020 жылы Түркістан облысы, Арыс қаласында құрылған. Серіктестік ауданның жайылымдық әлеуетіне байланысты Бетпақдала аумағына қоныс аударып, асыл тұқымды мал шаруашылығын қарқынды дамытуды қолға алған. «Калмық» тұқымды мүйізді ірі қара етті бағыттағы, шөл және шөлейт аймақтарға және суыққа төзімді, жоғары өнімді мал түрі.

Алдағы жоспарларымен бөліскен серіктестік төрағасы Мамытхан Әлімханұлы - «Бұл кәсіпті 2020 жылдан бастап қолға алдық. Қазіргі таңда әкелінген малдар толықтай ауданға тіркелді. Биыл мал басын тағы 1 500 басқа арттыруды жоспарлап отырмыз. Асыл тұқымды малдар Ресей Федерациясының Бурятия Республикасынан жеткізілді. Аналық бастарын көбейтіп, аталық малдарды 4 жастан бастап экспортқа бағыттауды көздеп отырмыз. Биылғы жылдың басынан бастап ішкі нарық қажеттілігін өтеу мақсатында 10 365 келі тірі салмақта ет өнімдерін өткіздік», -дейді.

Аталған жобаның іске асырылуы ауданның мал шаруашылығын дамыту мен ет өндірісін ұлғайтуға мүмкіндік беріп отыр.

***Аудан әкімінің***

# Балабақша қызметкерлеріне арналған жиын

«Отбасын қолдау орталығы» мамандары аудан орталығында орналасқан балабақша қызметкерлеріне профилактикалық іс-шарасын өткізді.



Іс-шараның мақсаты, орталықтың атқарған жұмысы және зорлық зомбылық жайлы заңға еңгізілген өзгерістер жайлы балабақша қызметкерлерін таныстыру.

Жиынды мекеме психологы Серікова Жазира ашып, бала құқығы, ана мен баланы қорғау жайлы заң тармақтары бойынша түсіндірді.

Отбасын қолдау орталығының халықпен профилактикалық жұмыс маманы Айжан Манабаева жиынға қатысушыларды слайд тақта арқылы арнайы әзірленген слайдпен «Отбасын қолдау орталығы» мекемесінің атқарған жұмысымен таныстырды.

Жиынға қатысушылардан сұрақтар қойылып, кері байланыс жасалды.

# Жастар арасында буллинг пен кибербуллингтің алдын алу

Созақ аудандық “Жастар ресурстық орталығы “ КММнің ұйымдастыруымен Келеңсіз жағдайлар мен жат қылықтар, буллинг және кибербуллингтің алдын алу мақсатында түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Іс-шараның мақсаты – жастардың қауіпсіз ортасын қалыптастыру, бір-біріне құрметпен қарауға үйрету, жауапкершілік пен саналы мінез-құлықты дамыту.

Кездесу барысында буллингтің түрлері, оның жастар психологиясына әсері, интернет кеңістігіндегі қауіптер, кибербуллингтен қорғану жолдары және қиын жағдайға тап болған кезде қайда, кімге жүгіну керектігі туралы нақты ақпарат берілді.

Әрбір жас өзін қауіпсіз сезінуге, өз ойын еркін айтуға және қолдау алуға лайық.

Буллингке жол жоқ! Бірге қарсы тұрайық!

# Ерте жүктіліктің алдын алу-болашаққа жауапкершілік

Нәзір Төреқұлов атындағы ақпараттық технологиялар лицейінде қыз балалар арасында ерте жүктіліктің алдын алу мақсатында мазмұнды әрі тәрбиелік мәні зор семинар-тренинг ұйымдастырылды.

Іс-шараға мектептің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Мұстафаева Лайла, мектеп мейіргері Алтаева Жансая, аудандық емхананың білікті психологтары Шолпан Түкебаева мен Айгүл Керімбай қатысып, оқушыларға терең әрі егжей-тегжейлі дәріс оқыды.

Семинар барысында ерте жүктіліктің медициналық, психологиялық және әлеуметтік салдары кеңінен түсіндіріліп, қыз балалардың денсаулығын сақтау, өз болашағына саналы көзқарас қалыптастыру, өмірлік жауапкершілік тақырыптарына ерекше назар аударылды. Жастар көкейінде жүрген сұрақтарын ашық қойып, мамандардан нақты әрі пайдалы кеңестер алды.

Семинар соңында тренинг өтіп, жастармен ашық пікір алмасу ұйымдастырылды. Тренинг барысында өмірлік жағдайларға байланысты тапсырмалар орындалып, қыз балалар өз ой-пікірлерін еркін білдіріп, пайдалы кеңестер алды.

Мұндай кездесулер жастардың дұрыс таңдау жасауына, өз денсаулығы мен болашағына жауапкершілікпен қарауына үлкен ықпал етеді.

***«Созақ үні»-ақпарат.***

# Аудандық сотта баспасөз конференциясы өтті

Өткен аптада аудандық сотта 2025 жылдың жұмыстарын қорытындылау бойынша баспасөз конференциясы өтті. Конференцияға аудандық сот төрағасы А.С.Дәуренбеков пен аудандық «Созақ-үні» газетінің жауапты хатшысы Н.Қанатұлы қатысты.

Жиында сот төрағасы А.С.Дәуренбеков баяндама жасап, онда 2025 жылы сот төрелігін жүзеге асыру барысында атқарған жұмыстарды қорытындылап, 2024 жылмен салыстырып



өтті.

Сот төрағасы өз сөзінде сот төрелігін сапалы жүзеге асыру үшін аудандық сотпен бірқатар қажетті іс-шаралар өткізілгендігіне, яғни, күрделі істер бойынша семинарлар, сот тәжірибесін талдау, және заңнамадағы өзгерістер мен проблемалық мәселелерді жедел сот отырысында талқылау, тұрақты және болжалды сот тәжірибесін құру мақсатында сот актілерінің күшін жою және өзгерту себептеріне ұдайы мониторинг жүргізілетінін айтып, істердің статистикалық деректеріне тоқталды.

Атап айтар болсақ, қылмыстық істер бойынша Созақ аудандық сотының өндірісінде 2024 жылы 53 қылмыстық іс қаралса, ал 2025 жылы 61 қылмыстық іс қаралған, яғни 8 іске көбейген.

Азаматтық істер бойынша 2024 жылы 891 талап қою түскен болса, ал 2025 жылы 1123 талап қоюға көбейген, яғни 232 іске артқаны байқалады. Түскен талаптардың көпшілігі отбасылық қатынастар мен шарттық міндеттемелерден туындаған даулар, жалпы медиация тәртібімен аяқталғаны 243 істі құрап отыр.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша 2024 жылы сотқа 251 әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер түскен болса, 2025 жылы 283 іс түсіп, 32 іске көбейген.

Әкімшілік істер бойынша 2024 жылы 2 әкімшілік талап қою түскен, аталған әкімшілік талап қоюлар жеке сот орындаушының іс-әрекетіне байланысты даулардан туындаған.

2025 жылға сотқа әкімшілік талап қоюлар келіп түспеген. Сондай-ақ, медиацияны дамыту, іске асыру мақсатында зиялы қауым өкілдері, прокуратура, адвокатура, кәсіби және кәсіби емес медиаторлардың, жергілікті үкіметтік емес ұйымдар мен бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің қатысуымен 5 дөңгелек үстел, 3 баспасөз конференциясы, газет беттеріне 27 мақалалар жарияланған.

Ауданда билер кеңесі құрылған. Қазіргі танда 25 билер жұмыстар атқаруда. 8 кәсіби, 50 кәсіби емес медиаторлар жұмыс атқарады.

Сондай-ақ, Созақ аудандық әкімдігінде медиация кабинеті ашылған, онда 2 кәсіби медиатор жұмыс атқаруда және ауыл әкімдіктерінде, Созақ аудандық сотында медиация кабинеттері бар.

Сонымен қатар, бұқаралық ақпарат жұмыстары бойынша газет беттеріне мақалалар жарияланып, әр түрлі тақырыптарда семинар сабақтары мен түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Шара соңында сот төрағасы БАҚ өкілінің тарапынан сот әділдігін жүзеге асыру бойынша туындаған өзге де сұрақтарға жауап беріп, бұл шараның сот ісін жүргізуді әрі қарай жетілдіру, ашықтығы мен қолжетімділігін арттыру бағытында жүргізілетінін атап өтті.

***Нұрсұлтан Қанатұлы,***
***«Созақ үні» газетінің***
***жауапты хатшысы.***

# Әкімшілік әділеттің сот жүйесіндегі рөлі

Қазақстан Республикасында құқықтық мемлекет қағидаттарын нығайту сот жүйесінің тиімділігімен тікелей байланысты. Осы тұрғыда азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін мемлекеттік билік органдары тарапынан қорғаудың маңызды тетігі ретінде әкімшілік әділет институты ерекше орын алады. Әкімшілік әділет атқарушы билік органдарының қызметіне соттық бақылау орнату арқылы заңдылықты, әділдікті және құқық үстемдігін қамтамасыз етеді.

Қазақстанда әкімшілік әділеттің дамуы сот реформаларының маңызды бағыты болып табылады және ол 2021 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексімен (ӘРПК) тікелей байланысты.

Қазақстан Республикасында әкімшілік әділет – бұл жеке және заңды тұлғалардың мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, сондай-ақ лауазымды адамдардың шешімдері мен әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) байланысты туындайтын жария-құқықтық дауларды сот тәртібімен қарау жүйесі.

Әкімшілік әділеттің құқықтық негізінҚазақстан Республикасының Конституциясы,Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі,өзге де нормативтік құқықтық актілері құрайды.

Конституцияның 13-бабына сәйкес әркім өз құқықтары мен бостандықтарын сот арқылы қорғауға құқылы, ал әкімшілік әділет осы құқықты іске асырудың нақты механизмі болып табылады.

Әкімшілік әділеттің сот жүйесіндегі орныҚазақстан Республикасының сот жүйесінде әкімшілік әділет дербес сот ісін жүргізу нысаны ретінде қалыптасты. Әкімшілік істер азаматтық немесе қылмыстық істерден айырмашылығы – даудың жария-құқықтық сипатына байланысты қаралады. Мұндай істерде тараптардың бірі міндетті түрде билік өкілеттігін жүзеге асыратын субъект болып табылады.

Әкімшілік сот ісін жүргізудің басты ерекшелігі – соттың белсенді рөлі. ӘРПК-ге сәйкес сот дәлелдемелерді жинауға жәрдемдеседі, билік органының шешімінің заңдылығын тексереді және азаматтың құқығын қорғауға басымдық береді.

Бұл билік пен азамат арасындағы процессуалдық теңсіздікті жоюға бағытталған.

Қазақстан Республикасындағы әкімшілік әділеттің сот жүйесіндегі рөлі

Азаматтардың және ұйымдардың мемлекеттік органдар тарапынан бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіреді.

Атқарушы билік органдарының шешімдері мен әрекеттерінің заңдылығына бақылау жасайды.

Мемлекеттік басқару саласында Конституция мен заңдардың үстемдігін нығайтады.

Мемлекеттік органдардың болашақта заңсыз шешім қабылдауына тосқауыл қояды.

**Әкімшілік әділеттің құқықтық мемлекет қалыптастырудағы маңызы**

Әкімшілік әділет Қазақстанда құқықтық мемлекетті қалыптастырудың негізгі институттарының бірі болып табылады. Ол мемлекеттік аппараттың жауапкершілігін арттырады, басқару шешімдерінің ашықтығын қамтамасыз етеді, сондай-ақ азаматтардың мемлекетке деген сенімін нығайтады.

Әкімшілік соттардың қызметі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендетуге және әділ мемлекеттік басқару қағидаттарын орнықтыруға ықпал етеді.

**Әкімшілік әділетті дамытудың өзекті мәселелері**

Қазақстанда әкімшілік әділетті одан әрі жетілдіру үшін бірқатар мәселелер өзекті болып отыр:

әкімшілік судьялардың тар мамандануы мен біліктілігін арттыру;

азаматтардың әкімшілік рәсімдер туралы құқықтық сауаттылығын көтеру;

сот шешімдерінің толық әрі уақтылы орындалуын қамтамасыз ету;

сот практикасының біріздiлігін қалыптастыру.

Бұл мәселелерді шешу әкімшілік әділеттің тиімділігін арттырып, сот жүйесінің беделін күшейтеді.

Қазақстан Республикасындағы әкімшілік әділет сот жүйесінде азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың маңызды әрі тиімді тетігі болып табылады. Ол мемлекеттік биліктің заң шеңберінде әрекет етуін қамтамасыз етіп, билік пен қоғам арасындағы құқықтық тепе-теңдікті сақтауға бағытталған. Әкімшілік әділеттің дамуы – Қазақстанда құқықтық мемлекеттің орнығуы мен әділ сот төрелігінің нығаюының маңызды көрсеткіші.

***Ақылбек Дәуренбеков,***
***Созақ аудандық сотының***
***төрағасы.***

# Рухани бірлік-теріс ағымдарға тосқауыл

Өткен апта, 20 қаңтар күні Созақ аудандық полиция бөлімінің мәжіліс залында мешіт имамдарымен бірлесіп, теріс діни ағымдардың алдын алу және құқық қорғау органдарымен өзара іс-қимылды күшейту мәселесіне арналған маңызды жиын өтті. Аталған басқосуға Созақ ауданы әкімінің орынбасары Алтын Күнтуқызы Ешенқұлова, аудандық полиция бөлімінің басшысы, полиция полковнигі Нұрлан Жақыпұлы Мұратов, Созақ ауданының бас имамы Мейрамбек Ордабайұлы Әбдіқұлов, ауылдық округтер мен кент мешіттерінің имамдары, Дін мәселелерін зерттеу орталығының теологы, аудан әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің қызметкерлері және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты. Жиынды Созақ ауданы әкімінің орынбасары Алтын Күнтуқызы Ешенқұлова жүргізді. Ол өз сөзінде қазақ халқының рухани болмысы дін мен дәстүрдің сабақтастығы арқылы қалыптасқанын атап өтті. Діннің адамды имандылыққа, адамгершілікке тәрбиелейтін рухани мектеп екенін, ал дәстүр сол құндылықтарды ұрпақтан ұрпаққа жеткізетін алтын көпір екенін ерекше атап өтті. Қазіргі ақпараттық заманда теріс діни ағымдардың қоғамға, әсіресе жастарға төндіріп отырған қауіпіне тоқталып, мұндай келеңсіздіктердің алдын алуда мешіт имамдары мен құқық қорғау органдарының бірлескен жұмысы аса маңызды екенін жеткізді. Жиында алғашқы болып Созақ аудандық әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің сектор меңгерушісі Керімхан Елмұрат Темірханұлы сөз сөйледі. Ол аудан аумағындағы діни ахуалдың тұрақты екенін, дегенмен алдын алу және түсіндіру жұмыстарының жүйелі түрде жалғасуы қажеттігін айтты. Теріс ағымдардың алдын алуда ақпараттық-түсіндіру топтарының және имамдармен тығыз ынтымақтастықтың рөліне тоқталды. Келесі кезекте Созақ аудандық полиция бөлімінің басшысының бірінші орынбасары, полиция майоры Рүстем Нұрдәулет Әбдіқасымұлы баяндама жасап, құқық қорғау органдары тарапынан діни экстремизм мен радикализмнің алдын алу бағытында атқарылып жатқан жұмыстар туралы мәлімет берді. Сонымен қатар қоғам қауіпсіздігін қамтамасыз етуде бірлескен іс-қимылдың маңызын атап өтті. Жиын барысында сөз алған Созақ ауданының бас имамы Мейрамбек Ордабайұлы Әбдіқұлов мешіт жамағатымен жүргізіліп жатқан діни-ағартушылық жұмыстарға тоқталып, дәстүрлі ислам құндылықтарын кеңінен насихаттаудың жастарды теріс ағымдардан сақтаудағы маңызын атап өтті. Жиын қорытындысында қатысушылар теріс діни ағымдардың алдын алу бағытындағы жұмыстарды алдағы уақытта да жүйелі түрде жалғастырып, мешіттер мен құқық қорғау органдары арасындағы өзара ынтымақтастықты одан әрі нығайту қажеттігін атап өтті. Мұндай мазмұнды кездесулер қоғамдағы тұрақтылық пен рухани бірлікті сақтауға, жастарды жат идеологиялардан қорғауға бағытталған маңызды қадам екені сөзсіз.



***Данияр Бек.***

# Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер бойынша 2025 жылы департаментпен атқарылған жұмыс қорытындысы

Әрбір азамат өмірге келген сәттен бастап мемлекеттік көрсетілетін қызметтермен үздіксіз байланысты болады. Баланың туууын тіркеу, білім алу, жер телімін рәсімдеу, әлеуметтік көмекке жүгіну, денсаулық сақтау саласындағы қызметтер–мұның барлығы азаматтардың мемлекетпен күнделікті қарым-қатынасының нақты көрінісі. Сондықтан мемлекеттік қызметтер көрсету сапасы мемлекет пен қоғам ара-




сындағы өзара сенімнің негізгі көрсеткіші болып табылады.

Мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыру мәселесі ел Президентінің жыл сайынғы Жолдауларында ерекше назарда. Осы бағытта Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі мен оның аумақтық департаменттері мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің заңнамаға сай, сапалы әрі қолжетімді көрсетілуін тұрақты бақылауда ұстап келеді.

**Көрсетілген қызметтер көлемі**

Бүгінгі таңда елімізде 1323 мемлекеттік қызмет түрі көрсетіледі, оның 400-ге жуығы облыстық деңгейде жүзеге асырылады. Түркістан облысында мемлекеттік органдар тарапынан 364 мемлекеттік қызмет түрі көрсетіледі (жергілікті атқарушы органдар–166, орталық мемлекеттік органдар–198).

2025 жылы облыс бойынша барлығы 26 млн-нан аса мемлекеттік қызмет көрсетіліп, оның 98%-ы электронды форматта ұсынылған. Бұл өз кезегінде өңірде цифрландыру деңгейінің жоғары екенін көрсетеді.

Қазіргі таңда облыста тұрғындарға қызмет көрсету үшін 19 Халыққа қызмет көрсету бөлімдері, 4 сектор, 2 мамандандырылған ХҚКБ және 2 сектор тұрақты түрде жұмыс істеуде.

**Бақылау және анықталған бұзушылықтар**

2025 жылы Департаментпен мемлекеттік қызмет көрсету заңнамасының сақталуына қатысты 135 бақылау іс-шарасы жүргізілді. Оның ішінде профилактикалық бақылаулар, арыздар бойынша жоспардан тыс тексерулер және уәкілетті орган тапсырмалары бар.

Ең жиі анықталған бұзушылықтар қызмет көрсету тәртібін сақтамау, жұмыс мерзімін бұзу, қызмет көрсету мерзімін сақтамау бойынша орын алған.

Бұзушылықтардың басым бөлігі жер қатынастары, жеке тұлғаларды тіркеу және ауыл шаруашылығы салаларында тіркелген.

**Азаматтардың құқықтарын қорғау**

2025 жылы Департаменттің қарауына 410 өтініш түсіп, оның нәтижесінде 198 азаматтың құқығы толық көлемде қалпына келтірілді. Өтініштердің басым бөлігі жер қатынастары, еңбек және әлеуметтік қорғау, сондай-ақ сәулет-қала құрылысы салаларына қатысты болды.

Ашықтық пен түсіндіру жұмыстары

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру мақсатында жыл бойы кешенді түсіндіру және алдын алу жұмыстары жүргізілді.

Атап айтқанда:

•өңірлік «Turkistan TV» арнасында «Елге қызмет» арнайы бағдарламасының 25 шығарылымы эфирге шықты;

•мемлекеттік қызметшілердің қатысуымен 259 семинар, 25 тікелей эфир, 11 интернет-конференция өткізілді;

•66 қоғамдық кеңес отырысы және 124 қоғамдық бақылау ұйымдастырылды;

•98 ақпараттық бейнеролик жарияланды.

Сонымен қатар, азаматтардың өтініштері мен пікірлеріне жедел әрекет ету мақсатында «Egov KZ Bot 2.0» Telegram-боты іске қосылып, мемлекеттік қызмет көрсету сапасына қатысты 113 өтінішке түсіндірме берілді.

Аталған жұмыстар мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыруға, заң бұзушылықтардың алдын алуға және азаматтардың құқықтарын қорғауға бағытталған. Бұл өз кезегінде халықтың мемлекеттік органдарға деген сенімін нығайтуға ықпал етеді.

Айта кету қажет, Департамент алдағы уақытта да мемлекеттік қызметтерді жетілдіру және азаматтарға қолайлы жағдай жасау бағытындағы жұмыстарды жүйелі түрде жалғастыратын болады.

***Абылайхан Наурызбаев,***
***Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Түркістан облысы бойынша департаментінің басшысы, Әдеп жөніндегі кеңес төрағасы.***

# Қызмет алушының бұзылған құқықтары қалпына келтірілді

Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Түркістан облысы бойынша департаменті қызметінің басым бағыттарының бірі–мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бақылауды жүзеге асыру болып табылады.

Тәжірибеде азаматтар өздерінің қажеттіліктерін қанағаттандыру және негізсіз бас тартулардың орын алғаны мен өтінішке уақытылы жауап ала алмағандығы туралы арыздармен жүгінуде.



Атап айтқанда, өткен жылы Департаменттің қарауына 410 өтініш келіп түскен. Аталған өтініштердің 60%-ға жуығы жер қатынастары саласына қатысты болған.

Мәселен, Түркістан қаласының тұрғыны қызмет көрсетуші мемлекеттік органнан тиісті құжатты ала алмай, заңды мүдделерін қорғау үшін сот органдарына жүгіну мүмкіндігінен айырылған.

Осыған орай, аталған мәселе бойынша Департаменке шағым түсіріп, ол бойынша жоспардан тыс тексеру жүргізілді.

Аталған мемлекеттік көрсетілетін қызмет Қазақстан Республикасының Жер кодексінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2020 жылғы 1 қазандағы №301 бұйрығымен бекітілген қағидаға сәйкес көрсетіледі.

Қағида талаптарына сәйкес, мемлекеттік орган жер учаскесін мәлімделген нысаналы мақсаты бойынша беру мүмкіндігін немесе мүмкін еместігін 30 жұмыс күнінде айқындап, қызмет нәтижесін ұсынуы керек болған.

Дегенмен, қызмет көрсетушімен қағида талаптары бұзылып, арыз иесіне қандай да бір қызмет нәтижесі ұсынылмаған.

Осыған орай, Департамент тарапынан тиісті мемлекеттік органға түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, анықталған бұзушылықтарды жою және алдағы уақытта мұндай жағдайлардың алдын алу жөнінде ұсыныстар енгізілді.

Сонымен қатар, Департаменттің жүргізген тексеруінен кейін арыз иесіне мемлекеттік қызмет нәтижесі ұсынылып, азаматтың бұзылған құқығы толық көлемде қалпына келтірілді.

Өз кезегінде, аталған шаралар Департамент тарапынан тұрақты негізде жүргізілетін болады.

***Абылайхан Наурызбаев,***
***Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Түркістан облысы бойынша департаментінің басшысы, Әдеп жөніндегі кеңес төрағасы.***

# Аудандық ардагерлер кеңесінің тоғызыншы пленумы



Аудан әкімдігінің үлкен мәжіліс залында аудандық ардагерлер кеңесінің кезекті тоғызыншы пленумы болып өтті. Бұл Пленумның басты мақсаты күн тәртібіне сай 2025 жылы атқарылған жұмыстар мен алдағы міндеттері туралы болды.

2026 жылға арналған жұмыстардың іс шара жоспарын бекіту, алдағы уақытта өтетін аудандық ардагерлер кеңесінің IX- шы конференциясының уақытын белгілеу, шақыру. Сонымен қатар, Пленумда елге еңбегі сіңген жасы тоқсаннан асқан ардагерлерімізді лайықты құрметтеу болатын.

Пленум жұмысына аудан әкімінің орынбасары Серік Сақиұлы Маманов, аудандық мәслихаттың төрағасы Ордабек Мырзабекұлы Жәмиев, "Аманат" партиясы Созақ аудандық филиалының атқарушы хатшысы Талғат Сейдахметұлы және Әжелер алқасы, әйелдер кеңесінің төрайымдары мен Әкелер мектебінің төрағалары, бастауыш ұйымдарының өкілдері және аудан ардагерлері қатысып отырды. Пленум жұмысын аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қабылбек Еспенбетов ашып, жүргізіп отырды. Күн тәртібіне сай аудандық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары Мұхаммедәли Иманбеков ардагерлер кеңесінің 2025 жылы атқарған жұмыстары туралы есепті баяндама жасады. Баяндамадан соң алдағы уақытта атқарылатын жұмыстардың іс шара жоспарын бекіту және алдағы уақытта өтетін аудандық ардагерлер кеңесінің тоғызыншы конференциясын өткізу туралы кеңес төрағасы Қабылбек Еспенбетов хабарлама жасады. Және пленумда конференция материалдары бекітілді. Пленумда аудан әкімінің орынбасары Серік Сақиұлы Маманов өз кезегінде сөз алып ауданымызда өткен жылы атқарылған жұмыстар мен онды өзгерістерді, жеткен жетістіктерді саралай келе:

-Ардагерлер біздің асыл қазыналарымыз. Сіздердің ерен еңбектеріңізді ел ешқашан ұмытпайды, ал жастарымыз ардагер аға буынды үлгі өнеге санайды. Сол себепті сіздерге қандай құрмет көрсетсек те ол артық болмайды.

Бүгін сіздерге аудан әкімі Мұхит Сексенбайұлының жылы лебізі мен ыстық ықыласын жеткізіп отырмын,-деді.

Облыстың құрметті ардагері Амалбек Мұсабеков пен Құмкент бастауыш ардагерлер ұйымының төрағасы Есен Есболов жарыссөзге шығып өздерінің ой пікірлерін білдірді.

Іс - шара барысында Пленумның күн тәртібіндегі соңғы мәселеге сай ауданның әлеуметтік экономикалық дамуына елеулі үлестерін қосып, қоғамдық жұмыстарға белсене араласқан тоқсан жасқа толған және одан жоғары жастағы еңбек ардагерлеріне, атап айтқанда: Ағабек Қасымбеков, Бибайша Утеева, Мәми Дадабеков, Құлбай Алшынбаев, Тоқтарбай Молдабеков, Әлкен Сағындықовтарды аудан әкімдігі мен ардагерлер қоғамдық кеңесінің атынан "Созақ ауданының ардақты ардагер" төсбелгісімен марапаттады. Марапаттау рәсімінен соң ардагерлер кеңесі жанындағы "Сырлы Созақ" хор ұжымының кварталі марапат иелері мен пленумға қатысушылардың құрметіне арнап ән мен күйден шашу шашты.

***Мақсат Қарғабай.***

# Созақ аудандық мәслихаты округтік, учаскелік сайлау комиссияларының құрамдарынан шығып қалғандардың орындарына мүшелермен толықтырулар енгізілетіндігі туралы хабарлайды

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының (бұдан әрі–Сайлау туралы Конституциялық заң) 10–бабына сәйкес, Созақ аудандық мәслихаты бес (5) округтік, алты (6) учаскелік сайлау комиссияларының құрамдарынан шығып қалғандарды» орындарына мүшелермен толықтырулар енгізілетіндігі туралы хабарлайды.

Округтік сайлау комиссияларының құрамы бес мүшеден тұрады.

Учаскелік сайлау комиссияларының сандық құрамы сайлау учаскесіндегі сайлаушы санына байланысты құрылады.

Округтік сайлау комиссияларының өкілеттік мерзімі 2028 жылдың 17 қаңтарына дейін.

Учаскелік сайлау комиссияларының өкілеттік мерзімі 2029 жылдың 1 қаңтарына дейін.

Әрбір саяси партия тиісті сайлау комиссиясының құрамына бір кандидатура ұсынуға құқылы.

Саяси партия сайлау комиссиясының құрамына осы партияның мүшесі болып табылмайтын кандидатура ұсынуға құқылы.

Егер саяси партиялардың ұсыныстары болмаған жағдайда, мәслихаттар өзге де қоғамдық бірлестіктердің және жоғары тұрған сайлау комиссияларының ұсыныстарына сәйкес сайлау комиссиясын сайлайды.

Саяси партиялар 2026 жылғы 26 қаңтардан бастап 9 ақпанына дейін, өзге де қоғамдық бірлестіктердің және жоғары тұрған сайлау комиссиялары 2026 жылғы 10 ақпанынан бастап 24 ақпанына дейін, аудандық мәслихатқа мынадай құжаттарды тапсырады:

1)электрондың және қағаз форматта белгіленген нысан бойынша сайлау комиссиясына ұсынылған кандидатуралар туралы мәліметтерді;

2)тиісті сайлау комиссияларының құрамына кандидаттар ұсыну туралы саяси партияның, өзге қоғамдық бірлестіктің, олардың құрылымдың бөлімшелерінің отырысы хаттамасының үзінді көшірмесі;

3)саяси партияның, өзге қоғамдық бірлестіктің, олардың құрылымдық бөлімшелерінің әділет органдарында тіркелгені туралы құжаттың көшірмесі;

4)кандидаттың сайлау комиссиясының жұмысына қатысуға келісімі туралы белгіленген нысандағы өтініші.

Өтініштің нысаны Созақ аудандық мәслихатының ресми сайтынан немесе аудандық мәслихат аппаратының №416 кабинетінен алуға болады.

Сайлау комиссиясының құрамына ұсынылған тұлға сайлау туралы Конституциялық заңның талаптарына сёйкес келуі тиіс.

Сайлау комиссиясының мүшесі тиісті сайлау комиссия құрамын құратын мәслихат орналасқан әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында тұруы тиіс.

Сайлау комиссиясының құрамы жартысынан астамы бір ұйым қызметкерлері болмауы тиіс, тек сайлау туралы Конституциялық заңының 23 бабы 3 тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда.

Бір сайлау комиссиясының құрамына жақын туыстары (ата-аналары, балалары, бала асырап алушылар, асырап алынғандар (аға-қарындастар), ата-анасы бір және толық емес тума аға-інілері, аталары, әжелері, немерелері) немесе жұбайы (зайыбы) кіре алмайды.

Мәслихатта ұсынылған қағаз форматтағы барлық құжаттарға қол қойылған, мөрмен расталған болуы және орындалған күнін, орындаушы туралы, оның аты-жөні мен телефон нөмері көрсетілген белгіні қамтуға тиіс.

Округтік, учаскелік сайлау комиссияларының құрамына үміткерлер туралы ұсыныстарды Созақ аудандық мәслихаты мына мекенжайда: Созақ ауданы, Шолаққорған ауылы, Жібек жолы көшесі №16 ғимаратында Саяси партиялардан 2026 жылдың 9 ақпанына дейін, өзге де қоғамдық бірлестіктерден және жоғары тұрған сайлау комиссияларынан 2026 жылдың 24 ақпанына дейін дүйсенбі-жұма аралығында сағат 09:00-ден 19:00-ге дейін қабылдайды, түскі үзіліс 13:00-ден 15:00-ге дейін.

Жауапты тұлға Уалиев Багдат Болатбекович, кабинет №416 қалааралық телефон коды (872546), қызметтік тел. 4-20-26, ұялы тел. 8-702-551-88-20, электрондық почта maslihat_ sozak@mail.ru.

## Созақ аудандық мәслихаты төмендегі бес округтік, алты учаскелік сайлау комиссияларының мүшелерін сайлайды

| қ/с | Сайлау округінің, сайлау учаскесінің нөмірі | Орналасқан жері | Сайлау комиссия мүшелерінің саны |
|---|---|---|---|
| 1 | №1 Молдағұлова сайлау округі | Созақ ауданы, Шолаққорған ауылдың округі, Шолаққорған елді мекені, Ә.Молдағұлова көшесі, №59 ғимараты, Түркістан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының “Созақ аудандық №1 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі” коммуналдық мемлекеттік мекемесі. Шекарасы:№689 Қарабұлақ,№690 Жеткеншек,№692 Молдағұлова сайлау учаскелерінің аумағы | 1 |
| 2 | №5 Наурыз сайлау округі | Созақ ауданы, Шолаққорған ауылдық округі, Шолаққорған елді мекені, С.Тоқпанбетов көшесі, №1А ғимараты, Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің “Нәзір Төреқұлов атындағы IT-мектеп-лицейі” коммуналдық мемлекеттік мекемесі. Шекарасы: №892 Наурыз, №723 Жыныс сайлау учаскелерінің аумағы. | 1 |
| 3 | №8 Сызған сайлау округі бойынша | Созақ ауданы, Сызған ауылдық округі, Сызған елді мекені, Мектеп көшесі, №9А ғимараты, Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің “Қ.Рүстемов атындағы жалпы орта мектебі” коммуналдық мемлекеттік мекемесі. Шекарасы: №701 Қозмолдақ, №702 Сызған, №703 Қайнар сайлау учаскелерінің аумағы. | 2 |
| 4 | №10 Науайы сайлау округі бойынша | Созақ ауданы,Созақ ауылдық округі,Созақ елді мекені,Қ.Тоқмұхамедов көшесі, №3А ғимараты, Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің “Науайы атындағы жалпы орта мектебі” коммуналдық мемлекеттік мекемесі. Шекарасы: №705 Науайы, №706 Көктөбе сайлау учаскелерінің аумағы. | 1 |
| 5 | 688 | Түркістан облысы, Созақ ауданы, Шолаққорған ауылдық округі, Балдысу ауылы, Балдысу көшесі №56, Түркістан облысының білім басқармасының Созақ ауданының білім бөлімінің «Жамбыл атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін мектеп» коммуналдың мемлекеттік мекемесінің ғимараты. | 1 |
| 6 | 694 | Түркістан облысы,Созақ ауданы,Шолаққорған ауылдық округі,Шолаққорған ауылы,Жібек жолы-1 көшесі №5, Созақ ауданы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Мыңжылқы» мәдениет сарайы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының ғимараты. | 1 |
| 7 | 701 | Түркістан облысы,Созақ ауданы,Сызған ауылдық округі,Қозмолдақ ауылы,Т.Момбеков көшесі №21, Түркістан облысының білім басқармасының Созақ ауданының білім бөлімінің «Ғ.Мұратбаев атындағы жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты. | 1 |
| 8 | 706 | Түркістан облысы, Созақ ауданы, Созақ ауылдық округі, Көктөбе ауылы, Суындық көшесі №130, Түркістан облысының білім басқармасының Созақ ауданының білім бөлімінің «Суындық жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты. | 1 |
| 9 | 712 | Түркістан облысы, Созақ ауданы, Қаратау ауылдық округі, Бақырлы ауылы, Жиенбет батыр көшесі нөмерсіз, ауылдық мәдениет үйінің ғимараты. | 1 |
| 10 | 715 | Түркістан облысы, Созақ ауданы, Жуантөбе ауылдық округі, Жуантөбе ауылы, Б.Достайұлы көшесі №35, Түркістан облысының білім басқармасының Созақ ауданының білім бөлімінің «С.Сейфуллин атындағы жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мем.мекемесінің ғимараты. | 1 |

***Ескертпе: Сайлау комиссияларының құрамдарында өкілдері бар саяси партиялар мен қоғамдық бірлестіктер комиссиялар құрамдарына басқа өкілдер ұсына алмайды.***

# Сообщение Созакского районного маслихата о дополнительном наборе членов в составы окружных, участковых избирательных комиссий вместо выбывших

В соответствии со статьей 10 Конституционного закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» (далее – Конституционный закон о выборах) Созакский районный маслихат сообщает о дополнительном наборе членов в состав пять (5) окружных, шесть (6) участковых избирательных комиссий вместо выбывших.

Окружные избирательные комиссии образуются в составе пяти членов.

Количественный состав участковых избирательных комиссий определен комиссией района в зависимости от количества избирателей на участках.

Срок полномочий окружных избирательных комиссий до 17 января 2028 года.

Срок полномочий участковых избирательных комиссий до 1 января 2029 года.

Каждая политическая партия вправе представлять одну кандидатуру в состав соответствующей избирательной комиссии.

Политическая партия вправе представлять в состав избирательной комиссии кандидатуры, не являющиеся членами данной политической партии.

В случае отсутствия предложений политических партий маслихаты избирают избирательную комиссию по предложению иных общественных объединений и вышестоящих избирательных комиссий.

Политические партии, с 26 января до 9 февраля 2026 года иные общественные объединения, и вышестоящие избирательные комиссии с 10 февраля до 24 февраля года представляют в маслихат следующие документы:

1) сведения о кандидатурах в состав избирательных комиссий по установленной форме в электронном и бумажном формате;

2) выписку из решения политической партии, общественного объединения или их филиалов (представительств), вышестоящей избирательной комиссии о представлении кандидатов в состав соответствующих избирательных комиссий;

3) копию документа о регистрации политической партии, общественного объединения или их филиалов (представительств);

4) заявления кандидатов о согласии на участие в работе избирательной комиссии по установленной форме.

Формы сведений о кандидатурах в состав избирательных комиссий, заявления кандидатов о согласии на участие в работе избирательных комиссий размещены на сайте маслихата или можно получить в кабинете №416 аппарата районного маслихата.

Лицо, предлагаемое в состав избирательной комиссии, должно соответствовать требованиям Конституционного закона о выборах.

Член избирательной комиссии должен проживать на территории административно-территориальной единицы, в которой находится маслихат, сформировавший состав данной комиссии.

Более половины состава избирательной комиссии не должны быть работниками одной организации, за исключением случаев создания избирательных участков, предусмотренных пунктом 3 статьи 23 Конституционного закона о выборах.

В состав одной избирательной комиссии не могут входить близкие родственники (родители, дети, усыновители (удочерители), усыновленные (удочеренные), полнородные и неполнородные братья и сестры, дедушки, бабушки, внуки) или супруг (супруга).

Все документы, представляемые в маслихат в бумажном формате, должны быть подписаны, заверены печатью, и содержать дату исполнения, отметку об исполнителе, с указанием фамилии, инициалов и номера его телефона.

Предложения о кандидатах в составы окружных, участковых избирательных комиссии Созакский районный маслихат осуществляет по адресу: Сузакский район, село Шолаккорган, ул. Жибек жолы в здании №16, политических партий до 9 февраля 2026 года, от иных общественных объединенени и вышестоящих избирательных комиссии до 24 февраля 2026 года с понедельника по пятницу с 09:00 до 19:00 часов, перерыв с 13:00 до 15:00 часов.

Ответственное лицо –Уалиев Багдат Болатбекович, кабинет №416 междугородний телефонный код (872546), служебный тел. 4-20-26, мобильный телефон 8-702-551-88-20, адрес электронной почты maslihat_ sozak@mail.ru.

*(Жалғасы 6-бетте).*

(Соңы. Басы 4-бетте).

# Созакский районный маслихат избирает членов нижеследующих пять окружных, шесть участковых избирательных комиссии

| № | Номер окружные, избирательного участка | Место расположения | Количество членов избирательной комиссии |
|---|---|---|---|
| 1 | Избирательный округ №1 Молдагуловой | Туркестанская область, Созакский район, сельский округ Шолаккорган, населенный пункт Шолаккорган, улица А.Молдагулова, здание №59, коммунальное государственное учреждение “Созакская районная детско-юношеская спортивная школа №1” управления физической культуры и спорта Туркестанской области. Граница:Территория избирательных участков №689 Карабулак, №690 Жеткеншек, №692 Молдагулова. | 1 |
| 2 | Избирательный округ №5Наурыз | Туркестанская область, Созакский район, сельский округ Шолаккорган, населенный пункт Шолаккорган, улица С.Токпанбетова, здание 1А, коммунальное государственное учреждение “IT-школа-лицей имени Назир Торекулов” отдела развития человеческого потенциала Созакского района. Граница: Территория избирательного участка №892 Наурыз, №723 Жыныс. | 1 |
| 3 | Избирательный округ №8 Сызган | Туркестанская область, Созакский район, сельский округ Сызган, населенный пункт Сызган, улица Мектеп, здание №9А, коммунальное государственное учреждение “Общая средняя школа имени К.Рустемова” отдела развития человеческого потенциала Созакского района. Граница:Территория избирательный участка №701 Козмолдак, №702 Сызган, №703 Кайнар. | 2 |
| 4 | Избирательный округ №10 Навой | Туркестанская область, Созакский район, сельский округ Созак, населенный пункт Созак, улица К.Токмухамедова,здание №3А, коммунальное государственное учреждение “Общая средняя школа имени Навой” отдела развития человеческого потенциала Созакского района. Граница:Территория избирательный участка №705 Навой, №706 Коктобе. | 1 |
| 5 | 688 | Туркестанская область, Созакский район, сельский округ Шолаққорған, село Балдысу, улица Балдысу №56, здание коммунального государственного учреждения “Малокомплектная общеобразовательная школа имени Жамбыла” отдела образования Созакского района управления образования Туркестанской области. | 1 |
| 6 | 694 | Туркестанская область, Созакский район, сельский округ Шолаққорған, село Шолаққорған, улица Жібек жолы-1 №5, здание государственного коммунального казенного предприятия “Дворец культуры “Мыңжылқы” отдела культуры, развития языков, физической культуры и спорта акимата Созакского района. | 1 |
| 7 | 701 | Туркестанская область, Созакский район, сельский округ Сызган, село Қозмолдақ, улица Т.Момбекова №21, здание коммунального государственного учреждения “Общеобразовательная школа имени Г.Муратбаева” отдела образования Созакского района управления образования Туркестанской области. | 1 |
| 8 | 706 | Туркестанская область, Созакский район, сельский округ Созақ, село Көктөбе, улица Суындық №130, здание коммунального государственного учреждения “Общеобразовательная школа “Суындык” отдела образования Созакского района управления образования Туркестанской области. | 1 |
| 9 | 712 | Туркестанская область, Созакский район, сельский округ Қаратау, село Бақырлы, улица Жиенбет батыра без номера, здание сельского дома культуры. | 1 |
| 10 | 715 | Туркестанская область, Созакский район, сельский округ Жуантөбе, село Жуантөбе, улица Б.Достайұлы №35, здание коммунального государственного учреждения “Общеобразовательная школа имени С.Сейфуллина” отдела образования Созакского района управления образования Туркестанской области. | 1 |

*Примечание. Политические партии и общественные объединения, у которых в составах комиссии имеются представители, других представителей не предлагают.*

# Салық төлеушілердің назарына!!!

2025 жылы 18 шілдеде Қазақстан Республикасының жаңа Салық кодексі қабылданды. Ол 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді. Бұл салық жүйесін реформалаудағы маңызды кезең. Басты мақсат–салықтарды бизнес пен азаматтар үшін түсінікті, ашық және әділ ету.

2026 жылғы 1 қаңтардан бастап жаңа арнаулы салық режимдеріне (АСР) көшуге қатысты өтпелі ережелер

2026 жылғы 1 қаңтардан бастап жаңа Салық кодексі қолданысқа енгізіледі, оған сәйкес үш арнаулы салық режимі (АСР) көзделген:

1.өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін;

2.оңайлатылған декларация негізіндегі;

3.шаруа немесе фермер қожалықтары (ШҚ/ФҚ) үшін.

2025 жылы АСР қолданатын салық төлеушілердің жаңа режимдерге көшуін жеңілдету мақсатында өтпелі ережелер (Салық кодексінің 840-бабы) көзделген, оған сәйкес:

Патент негізіндегі және мобильді қосымшаны пайдалана отырып қызметін жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлер (ЖК)

Өзін-өзі жұмыспен қамтығандарға арналған режимге көшу үшін 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап арнаулы мобильді қосымшада алғашқы чекті қалыптастыру күніне дейін (2026 жылғы 28 ақпанға дейін) жеке кәсіпкер ретінде есептен шығу қажет.

Егер ЖК өздігінен есептен шықпаса және оңайлатылған декларация негізіндегі режимге көшу туралы хабарлама ұсынбаса, салық органдары оны 2026 жылғы 1 наурыздан бастап жеке кәсіпкер ретінде автоматты түрде есептен шығарады

Өзін-өзі жұмыспен қамтығандарға арналған режимді қолдану мобильді қосымшада алғашқы чекті қалыптастыру күнінен бастап, ал жалпы пайдаланымдағы телекоммуникация желілері жоқ жерлерде қызмет жүзеге асырылған жағдайда-төлем құжатында көрсетілген айдан бастап қолданылады.

Осылайша, аталған тұлғалар өтпелі кезеңде (2026 жылғы 1 қаңтардан 28 ақпанға дейін) қызметін жүзеге асыра алады және осы кезеңде табыс алған жағдайда (мобильді қосымшада чек қалыптастырылған кезде) өзін-өзі жұмыспен қамтығандарға арналған режимді қолданушы болып танылады.

1.Өзін-өзі жұмыспен қамтығандарға арналған арнаулы салық режимі (АСР)

Режимді енгізудің мақсаты: Кірістерді заңдастыру үшін жағдайлар жасау және қызметін эпизодтық түрде жүзеге асыратын, шағын табыс алатын азаматтарды (оның ішінде интернет-платформаларды пайдалану арқылы) әлеуметтік қамсыздандыру жүйесіне тарту.

**Өзін-өзі жұмыспен қамтығандарға арналған АСР-дың артықшылықтары**

-жеке кәсіпкер ретінде тіркелуден босату (Салық кодексінің 718-бабы 2-тармағы);

-табыс салығын төлеуден толық босату түріндегі жеңілдік (Салық кодексінің 720-бабы 1-тармағы);

-қосылған құн салығын (ҚҚС) төлеуден босату (Салық кодексінің 450-бабы 5) тармақшасы);

-мобильді қосымшаны пайдалану (мобильді қосымша арқылы чек қалыптастырылады, табыстар есебі жүргізіледі және әлеуметтік төлемдер бойынша міндеттемелер автоматты түрде есептеледі (Салық кодексінің 719 және 720-баптары);

-әлеуметтік кепілдіктерге қолжетімділікті қамтамасыз ету (зейнетақы, медициналық және әлеуметтік қорғау жүйесіне қатысу-Салық кодексінің 720-бабы).

**Өзін-өзі жұмыспен қамтығандарға арналған АСР-ін қолдану шарттары**

Режимді келесі талаптарға сай келетін жеке тұлғалар-Қазақстан Республикасының азаматтары, қандастар қолдануға құқылы:

-жеке кәсіпкер болып табылмайды;

-жалдамалы жұмыскерлердің еңбегін пайдаланбайтын;

-күнтізбелік айдағы табысы 300 айлық есептік көрсеткіштен (АЕК) аспайтын (2026 жылы шамамен 1,3 млн теңге);

-Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген қызмет түрлерін жүзеге асырады (ҚР Үкіметінің 2025 жылғы 21 қарашадағы №994 қаулысы)

**Өзін-өзі жұмыспен қамтығандарға арналған АСР-не қалай көшуге болады?**

Жеке тұлғаның өзін-өзі жұмыспен қамтығандарға арналған АСР-ды таңдауы арнаулы мобильді қосымшада осы режимде чек қалыптастырылған айда жүзеге асырылды деп танылады.

Өзін-өзі жұмыспен қамтығандарға арналған АСР-ды қолданудың басталу күні–арнаулы мобильді қосымшада қалыптастырылған алғашқы чектің күні.

Патент негізіндегі немесе мобильді қосымшаны пайдалана отырып қызмет атқаратын жеке кәсіпкерден көшу кезінде 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап арнаулы мобильді қосымшада алғашқы чек қалыптастырылған күнге дейін (2026 жылғы 28 ақпанға дейін) жеке кәсіпкер ретінде есептен шығу қажет.

Осылайша, мұндай тұлғалар өтпелі кезеңде (2026 жылғы 1 қаңтардан 28 ақпанға дейін) қызметін жүзеге асыра алады және осы кезеңде табыс алған жағдайда (мобильді қосымшада чек қалыптастыру арқылы) өзін-өзі жұмыспен қамтығандарға арналған режимді қолданушы болып танылады.

Өтпелі кезеңде мобильді қосымшаның функционалы өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін де қолжетімді болады.

**Әлеуметтік төлемдерді есептеу және төлеу қалай жүргізіледі?**

Салық салу объектісі–рұқсат етілген қызмет түрлерін жүзеге асыруға байланысты салық кезеңінде алынған табыс;

Салық кезеңі–күнтізбелік ай;

Әлеуметтік төлемдер мөлшерлемесі-4%, оның ішінде: (МЗЖ-1%, әлеуметтік аударымдар-1%,МӘМС-1%, МЗЖЖ-1%).

Әлеуметтік төлемдер есепті айдан кейінгі айдың 25-інен кешіктірілмей төленеді (ҚР Әлеуметтік кодексіне және «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» ҚР Заңына сәйкес).

Өзін-өзі жұмыспен қамтыған тұлғалардың салық міндеттемелерін өз бетінше орындауы

Міндеттемелерді орындауды жеңілдету мақсатында өзін-өзі жұмыспен қамтығандар арнаулы «E-Salyq Business» мобильді қосымшасын міндетті түрде пайдалана отырып режимді қолданады, онда ай ішінде қалыптастырылған чектердің негізінде табыстар реестрі жүргізіледі.

Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар табыс алынған және ол арнайы мобильді қосымшада көрсетілген айда жеке тұлғалар ретінде танылады.

**Назар аударамыз!**

Қазіргі уақытта «E-Salyq Business» арнаулы мобильді қосымшасын пайдаланатын салық төлеушілерге мобильді қосымшаны одан әрі қолдану үшін (оның ішінде өзін-өзі жұмыспен қамтыған тұлға ретінде) 2026 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қолжетімді мобильді қосымшаның нұсқасын жаңарту қажет. «E-Salyq Business» мобильді қосымшасының жаңа пайдаланушыларына Play Market, App Store немесе App Gallery арқылы аталған арнаулы мобильді қосымшаны жүктеп алып, авторизациядан өту қажет.

2.Оңайлатылған декларация негізіндегі арнаулы салық режимі (АСР).

Оңайлатылған декларация негізіндегі арнаулы салық режимін қолдану шарттары. Бұл режимді келесі талаптарға сәйкес келетін жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар қолдана алады.

-Жылдық табысы 600 000 АЕС-тен аспайтын(2026 жылға 2,5 млрд. тенге)

-Қызмет түрлері Салық кодексінің №7 тізбесіне сәйкес келетін;

-Акцизделетін өнім өндірмейтін және сатпайтын;

-Ойын бизнесімен айналыспайтын;

Оңайлатылған декларация негізіндегі арнаулы салық режимін қолдануға құқығы жоқ тұлғалар.

1.Қатысушылары (құрылтайшылары) басқа заңды тұлғалар болып табылатын заңды тұлғалар;

2.Құрылтайшысы немесе қатысушысы басқа заңды тұлға болып табылатын заңды тұлғалар;

3.Басқа заңды тұлғаның құрылтайшысы немесе қатысушысы болып табылатын заңды тұлғалар;

4.Құрылтайшысы немесе қатысушысы бір мезгілде бірнеше заңды тұлғада бар заңды тұлғалар;

5.Коммерциялық емес ұйымдар;

6.Арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың қатысушылары;

7.Бірлескен қызмет шарттары бойынша қызмет атқаратын салық төлеушілер.

Тіркелген шегерімді, бөлшек салықтың арнаулы салық режимі, оңайлатылған декларация негізіндегі арнаулы салық режимін (АСР) қолданатын салық төлеушілер

Оңайлатылған декларация негізіндегі режимді қолдану үшін 2026 жылғы 1 наурызға дейін осы режимге көшу туралы хабарлама ұсыну қажет.

Мұндай хабарлама ұсынылмаған жағдайда, салық төлеуші 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап жалпыға бірдей белгіленген салық салу тәртібін қолданушы болып танылады.

2026 жылғы 1 қаңтардан бастап хабарламаны төмендегі тәсілдер арқылы ұсынуға болады:

–Салық төлеушінің кабинеті арқылы (ИСНА ақпараттық жүйесінде «Құжаттарды ұсыну»–«Қолданылатын салық салу режимі туралы хабарлама» бөлімі);

-«E-Salyq Business» арнаулы мобильді қосымшасы арқылы («Қызметтер»-«ЖК-нің салық режимін ауыстыру»);

-Kaspi.kz қосымшасы арқылы;

-орналасқан жері бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасына қағаз түрінде.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер мен ауыл шаруашылығы кооперативтері үшін арнаулы салық режимін қолданатын салық төлеушілер

Егер олар оңайлатылған декларация негізіндегі АСР-ға көшу туралы хабарлама ұсынбаса, 2026 жылғы 1 наурызда салық органдары тарапынан жалпыға бірдей белгіленген салық салу тәртібіне ауыстырылады (бұл ретте жалпыға бірдей режимде қолданыстағы жеңілдіктердің (70%) сақталғанын атап өтеміз).

Шаруа немесе фермер қожалықтары (ШҚ/ФҚ) үшін арнаулы салық режимін қолданатын жеке кәсіпкерлер

2026 жылғы 1 наурызға дейін салық органдары оларды автоматты түрде ШҚ /ФҚ үшін арнаулы салық режиміне ауыстырады, себебі жаңа Салық кодексінде осы режимді қолдану тәртібі сақталған. Тек жеке табыс салығы (ЖТС) түрінде салық салынады. Біріңғай жер салығы (БЖС) алынып тасталды.

**Назар аударамыз!**

Салық органдары салық төлеушілерге жаңа шарттармен алдын ала танысып, салық салу режимін таңдауды айқындап, тиісті режимді таңдау үшін қажетті шараларды уақтылы қабылдауды сұрайды. Бұл ауысу үдерісін бірқалыпты жүзеге асыруға және жалпыға бірдей белгіленген салық салу тәртібінің автоматты түрде қолданылуын болдырмауға мүмкіндік береді.

## Сенім телефоны

«Созақ ауданының Таукент кенті әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексіне сәйкес мемлекеттік қызмет этикасы мен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талаптарын кент әкімі аппараты қызметкерлерібұзған жағдайда 87004679366 сенім телефонына хабарласуға болады.

***«Созақ ауданының Таукент кенті әкімінің аппараты» ММ.***

* * *

## Сенім телефоны

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп Кодексіне сәйкес мемлекеттік қызмет этикасы мен Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талаптарын ауылдық округі әкімі аппаратының қызметкерлері бұзған жағдайда 23-1-72 сенім телефонына хабарласуларыңызға болады.

***«Созақ ауданының Шу ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.***

* * *

## Сенім телефоны

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп Кодексіне сәйкес мемлекеттік қызмет этикасы мен Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талаптарын ауылдық округі әкімі аппаратының қызметкерлері бұзған жағдайда 38-5-53 сенім телефонына хабарласуларыңызға болады.

***«Созақ ауданының Қаратау ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.***

* * *

## Сенім телефоны

Қарақұр ауылдық округі әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесі ғимаратының кіре берісінде «Сенім жәшігі» орналастырылып, қабырға бетке Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 22ақпандағы №814 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексі» (мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп қағидалары) іліпін тұр. Қарақұр ауылдық округі әкімі аппаратының «Сенім телефоны» 47-31, 87020892017

***Қарақұр ауылдық округі әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесі.***

# Сексеуілді сақтайық!

Қазақстанның ең үлкен байлығы – халық, ал халықтың өмір сүру деңгейінің ұзақтығы, яғни мемлекетіміздің болашағы экологиялық жағдайға байланысты. Табиғаттың тазалығы орман көркейуі еліміздің шөлейт аймақтарында да оның орны ерекше. Мыңдаған шақырымға созылып жатқан құмды аумақта жайқалып өсіп тұрған жасыл қалқан табиғатқа сұлу көрініс береді. Ауаны оттегімен қамтамасыз етеді. Құмды аймақтарда өсетін сексеуіл ағаштарының сол жерлердегі табиғаттың жайқалып, тұруына септігін тигізеді. Жерасты тұзының көтерілуіне жол бермейді. Құммен бірге желді, шаңды тоқтатады. Сексеуіл ормандарындағы түрлі шөп қаулап өссе малға жайылым. Шөлейт аймақта өмір сүретін халық сексеуілдің қадір қасиетін біліп отындыққа сындырып алмай, тамызыққа рұқсат беріліп жатырған басқа бұталар мен ағаштарды қолданып жатса сексеуіл ағашының көбейуі жоғарылар еді.

Созақ ауданы үшін сексеуілді орманның орыны ерекше. Осыдан біраз жылдар бұрын экономикалық түрлі қиындықтарға байланысты сексеуілді себу және отырғызу азайған болатын. Кейінгі жылдары облыстық бюджеттен сексеуіл алқаптарын өсіруге қаражат көзі едәуір бөлініп молайту үшін тиісті жұмыстар жасалынуда. Бұл өз кезегінде орманшылар үшін үлкен жетістік. Республика көлемін жалпы сексеуіл ағаштарын қорғап сақтау үшін біраз іс-шаралар жүзеге асырылуда. Соның бір бөлігі атап айтар болсақ аудан көлемінде орман шаруашылығы қызметкерлері аудандық полиция бөлімінің қызметкерлерімен бірлескен рейдтік іс-шара жоспарын бекітіп жыл сайын арнайі іс-шаралар жүргізіп жұмыстар жасалынуда.

***Өскен Тоқтарұлы,***
***Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау мекемесінің орман қорықшы-күзетшісі.***

## Хабарландыру

«ПРОИЗВОДСТВЕННАЯ КОМПАНИЯ “ШЫМКЕНТДОРСТРОЙ” ЖШС арналған “Түркістан облысы Созақ ауданындағы Октас құм-шағал кен орнында өндіру таукен жұмыстарының жоспарыбойынша қоршаған ортаға әсер етуге рұқсат алу үшін нормативтік құжаттар” бойынша ашық жиналыс арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Өтетін орны: Түркістан обылысы, Созақ ауданы, Таукент а.о., Таукент а., 1 Ықшам аудан, 45А (әкімшілік ғимараты). Өткізу уақыты: 26/02/2026ж.сағат 12:00.

Конференцияға қосылу https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09

Әсер ету аумағы: Түркістан обылысы, Созақ ауданы, Таукент а.о., географиялық координаттары: а 43,53’40.39” с.б. 68,46’36.58” ш.е.

Ескертулер мен ұсыныстардыҰДБ ақпараттық жүйесіне(ndbecology.gov.kz), сондайақ ЖАО сайтына(https://www.gov. kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar) жолдауға болады. ЖАО Түркістан обылысы, Түркістан қаласы, ТРАССА КЕНТАУ, 2, 10, e-mail: a.erkebai@ontustik.gov.kz, тел.: 8 (7253) 33-36-59.

Бастамашы: «Производственная компания «Шымкентдорстрой», САЙРАМ АУДАНЫ, МАНКЕНТ А.О., МАНКЕНТ А., Бірлік көшесі, 45 үй, БСН 931240000687, тел. +7(725)-253-07-24. pkshds@mail.ru. Директор МЫНЖАСАРОВ НУРБОЛ.

Орындаушы: “Эко-Лимитед” ЖШС г.Тараз, ҚАРАСУ ы.а., 16 үй, БИН170440027019 басшысы Саткенов Р. Т. тел.: +77021573190

## Объявление

ТОО «ПРОИЗВОДСТВЕННАЯ КОМПАНИЯ “ШЫМКЕНТДОРСТРОЙ» объявляет о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания по «Нормативные документы для получения разрешения на воздействия в окружающую среду по плану горных работ разработки месторождения песчано-гравийной смеси Октас в Созакском районеТуркестанской области»

Место проведения:Туркестанская область, Сузакский район, Таукентская п.а., п.Таукент, МИКРОРАЙОН 1, Д.45А (здание акимата).Время проведения: 26/02/2026г. в 12:00.

Подключиться к конференции https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09

Территория воздействия: Туркестанская область, Сузакский район, Таукентская п.а., географические координаты: 43,53’40.39”С, 68,46’36.58”В

Замечания и предложенияпринимаются в информационной системе НДБ (ndbecology.gov.kz), а также на сайте МИО (https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar) МИОКГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанской области», адресТуркестанская область, г. Туркестан, ТРАССА КЕНТАУ, 2, 10, e-mail: a.erkebai@ontustik.gov.kz, тел.: 8 (7253) 33-36-59

Инициатор: ТОО «Производственная компания «Шымкентдорстрой», САЙРАМСКИЙ РАЙОН, МАНКЕНТСКИЙ С.О., С.МАНКЕНТ, улица Бирлик, дом 45, БИН 931240000687, тел. +7(725)-253-07-24. pkshds@mail.ru. Директор МЫНЖАСАРОВ НУРБОЛ.

Исполнитель проекта: ТОО “Эко-Лимитед” г.Тараз, мкр. КАРАСУ, 16, БИН170440027019 директор Саткенов Р. Т. тел.: +77021573190

## Хабарландыру

«Ақбастау» Бірлескен Кәсіпорны» Акционерлік Қоғамы Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 73-1-бабының талаптарына сәйкес «Құланды» кен орнының вахталық кентін күрделі жөндеу» жұмыс жобасы бойынша қоршаған ортаны қорғау бөліміне (ҚОҚБ / РООС) қатысты қоғамдық талқылауды жария талқылау нысанында өткізілетінін хабарлайды.

Жария талқылау 2026 жылғы 05.02.–11.02. аралығында Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкінің интернет-ресурсында өтеді:

https://ndbecology.gov.kz

Барлық ескертулер мен ұсыныстар құжаттама ақпараттық жүйеде жарияланған күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде қабылданады. Көрсетілген мерзім өткеннен кейін ескертулер мен ұсыныстар қабылданбайды.

Белгіленген қызметтің бастамашысы: «Ақбастау» Бірлескен Кәсіпорны» АҚ, Түркістан облысы, Созақ ауданы, Қаратау а.о., Сарыжаз а., квартал 021,140, БИН 061140001976, тел: +7 (725) 299-73-90, эл.пошта: d.mambetov@akbastau.kazatomprom.kz.

Жоба әзірлеуші: «KAZHADA PROJECTS» ЖШС, Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Қонаев көш., 4, «Prima Park» БО, 709-кеңсе, БСН 171240022221, Тел.: 8-771-595-25-33, эл.пошта: kazhadarprojects@mail.

Жергілікті атқарушы орган: «Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, эл. пошта: a.erkebai@ontustik.gov.kz.

## Объявление

Акционерное Общество «Совместное Предприятие «Акбастау» в соответствии с требованиями ст.73-1 Экологического Кодекса РК, сообщает, что проводит общественные слушания в форме публичных обсуждений раздела охраны окружающей среды (РООС) по рабочему проекту «Капитальный ремонт вахтового поселка рудника «Куланды».

Публичные обсуждения состоятся с 05.02.2026 по 11.02.2026 года на сайте Национального банка данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов:

https://ndbecology.gov.kz

Все замечания и предложения принимаются в течение 5 рабочих дней после опубликования документации на информационной системе, по истечении данного срока замечания и предложения не принимаются.

Инициатор: АО «СП «Акбастау», Туркестанская область, Сузакский район, Каратауский с.о., с.Сарыжаз, квартал 021,140, БИН 061140001976, тел: +7 (725) 299-73-90, эл.адрес: d.mambetov@akbastau.kazatomprom.kz.

Разработчик проекта: ТОО «KAZHADA PROJECTS», Кызылординская область, город Кызылорда, ул. Кунаева 4, БЦ «Prima Park», 709, БИН 171240022221,Тел:8-771-595-25-33, эл.адрес: kazhadarprojects@mail.

Местный исполнительный орган- ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанской области» a.erkebai@ontustik.gov.kz.

# Орманды өрттен қорғайық!

Өрт– абайсыз жағылған от, сөнбей қалған шоқ, кейде найзағадан да пайда болатын апат. Орман өрті көбінесе құрғақшылық жылдары, ерте көктемде және күзде болады. Оның негізгі себебі–ауыл шаруашылығы қалдықтарын өртеген кезде қауіпсіздік талаптарының бұзылуынан туындайды. Орман өрті ағаш қорын кемітумен қатар, ағаштың өсуін нашарлатады, жалын шарпыған ағаш құрайды, жел, дауылда сынғыш келеді. Орман өрті жер бетін шарпыған кезде жапырақ, бұта, шөп-шалам, көк шөп, ағаштың жас өркендері жанады. Ауданымызда соңғы жылдары табиғаттың тосын мінездері оқта-текте байқалып қалуда. Өткен айларда найзағай жарқырап мамыр айының бастапқы күндері жауын жауып нөсерлетумен болды. Бүгінгі күнде барлық жерлерде өрт қауіпсіздігіне орай оқу-жаттығу жиындары болып, алдын алу, сақтық шаралары қаралып өтті. Алайда әрбір орман қорықшысы ғана емес әрбір аудан, ауыл тұрғындары өрт қауіпсіздігіне бей-жай қарамай өз қол ұшын беруі керек. Темекі тұқылдарын кез келген жерге тастай салмай жауапкершілікпен өшіріп тастаса, тұтатқан шырпы қалдығының да алаңсыз өшкенін қадағаласа, үлкен өрттің алдын алған болар едік. Сонымен қатар, көпшілік қауым, ауыл тұрғындары қонақтарын ертіп табиғат аясына демалғанда жаққан оттың қалдықтарын өшірмей тастап кету де өртке себеп болады. Өйткені күннің бұзылуы, желдің өршуі өрт тудырады. Табиғатқа шыққанда тамақ, кәуәп пісіріп болған соң қадағалап сумен өшіріп, орнын топырақпен жауып кету өрттің алдын алуға үлкен мүмкіндік беретінін ескерсеңіздер екен. Алдағы уақыттарда да біз орман қызметкерлері ауданымыздың табиғат аясын қорғай отырып адамзат игілігі жолында қарқынды жұмыс атқара береміз.

***Азамат Бейсенбиев,***
***Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау мекемесінің орман күзетші-қорықшысы.***

## Құттықтау!

# Анамызға асқар таудай ағасың!



Жартытөбе ауылдық округіне қарасты Аққолтық ауылының тұрғыны туған нағашымыз **Бекжігітов Пердебек Оразбекұлы** 63 жасқа толып отыр. Ардақты нағашымызға мерейлі туған күні қарсаңында Алладан ұзақ ғұмыр, деніне дегдар саулық, отбасына таусылмас қуаныш, сарқылмас несібе, ортаймас бақыт, азаймас дархан көңіл тілейміз! Сіздің туған күніңізге жыр жолымен құттықтау жолдап отырмыз. Қабыл алыңыз!

*Ел біледі ағайынның бағасын,*
*Оған болмас ешқашанда таласың.*
*Бәсіресін аямайтын жиеннен,*
*Аман жүргін айналайын нағашым.*
*Ет жүрегі езіледі жиен деп,*
*Жүреді әркез қуанышта күлімдеп.*
*Арқамыздан қағып қояд, жиірек,*
*Біздің жиен әрқашанда ірі деп.*
*Еркелейміз өзіңізге нағашым,*
*Анамызға асқар таудай ағасың.*
*Амандасып деп кіріп барсақ үйіңе,*
*Қуанышпен арқамыздан қағасың.*
*Ғасыр жасап азаймасын базарың,*
*Күннен күнге кіре берсін ажарың.*
*Пейілі кең айналайын нағашы,*
*Өзіңіздей болса дейміз қазағым!*

***Ізгі ниетпен барша жиендеріңіз атынан: Мадияр мен Жалғас.***

# Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!

Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдататыны анық. «Сыбайлас жемқорлық» деген түсінік мағынасына этимологиялық қарау мұны «параға сатып алу», «пара» ретінде, «corruptio» деген латын сөзін алып, анықтауға мүмкіндік береді. Рим құқығында сондай-ақ «corrumpire» түсінік болған, ол жалпы сөзбен айтқанда «сындыру, бүлдіру, бұзу, зақымдау, жалғандау, параға сатып алу» деген түсінік беріп, құқыққа қарсы іс - әрекетті білдірген. Орыс тілінің түсіндірме сөздігі сыбайлас жемқорлықты пара беріп сатып алу, лауазымды адамдардың, саяси қайраткерлердің сатқындығы ретінде сипаттайды.

Мемлекеттің дамуына бармақ басты, бұрынғы өткен ата-бабаларымыз да дөп басып «тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген. Олардың әділдік пен турашылдықты ту еткендігін ғасыр қайраткерлері Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би және тағы да басқа біртуар билер мен шешендердің өмірі дәлел болатындығын біз тарихтан жақсы білеміз. Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес, сыбайлас жемқорлық қылмыстарға негізінен лауазымды қылмыстар жатады. Өмір көрсеткендей, қызмет өкілеттігін теріс пайдалану, билікті не қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану, пара алу, пара беру, парақорлыққа делдал болу, қызметтік жалғандық жасау, көрінеу жалған сөз жеткізу, сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иеленіп алу немесе ысырап ету, көрінеу жалған жауап беру, сарапшының жалған қорытындысы немесе қате аудару, жалған жауап беруге немесе жауап беруден жалтаруға, жалған қорытынды беруге не қате аударуға сатып алу, лауазымды адамдардың сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін орындамау, осындай қылмыстардың барлығы жемқорлық сыбайластық байланыстарды пайдалану арқылы жасалады.

Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік – экономикалық даму, нарықтық экономиканы құру инвестициялар тарту процесін баяулататын және демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсер ететін, елдің даму болашағына айтарлықтай қауіп төндіретін құбылыс. Яғни бұл мемлекеттің осы жағымсыз құбылысты жою бағытындағы кешенді және жүйелі күрес жүргізу саясаты жанданып, әрі қарай жалғасын табады деген сөз.

Сонымен қатар сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру керектігінің маңызы зор. Халық өздерінің құқықтарын, өздеріне қарсы қандай да бір құқыққа қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда қандай іс-қимыл қолдану керектігінің нақты жолдарын толық білулері қажет. Конституциялық тәртіпті қорғау, сыбайлас жемқорлықпен күрес аясында тиімді, бірыңғай жалпы мемлекеттік саясат жүргізу, мемлекет пен азаматтардың өмір сүруінің барлық салаларында сыбайлас жемқорлық пен оның көріністері деңгейін төмендету, қоғамның мемлекетке және оның институттарына сенімін нығайту бүгінгі күндегі басты мақсат болып табылады.

# Сыбайлас жемқорлықпен күрес-қоғам талабы!

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес – мемлекетіміздің бірден-бір қолға алған факторларының бірі. Сыбайлас жемқорлықпен күрес – қоғам талабы. Мінсіз қоғам–жемқорлықсыз қоғам, салауатты өмір–парақорларсыз өмір, мықты мемлекет–жемқорларсыз мемлекет. Еліміз елу елдің қатарына ену үшін аяқ басқанда айналамызды ашкөз алаяқтардан аластап, қоғамды тазарту–азаматтық міндетіміз. Сыбайлас жемқорлықпен күресу– қоғамдағы әрбір тұлғаның азаматтық борышы. Қоғамның мүшесі ретінде барлығымыз бір адамдай жемқорлықпен күрес жүргізуіміз қажет.

Мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлылық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі мен жеке басының қамын ойлауы да аталмыш қоғам дертінің бірден-бір салдары.

Сыбайлас жемқорлықпен күресу еліміздің бүгінгі күнгі күрделі мәселелерінің бірі болып отыр. Әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне мүлде ұқсамайтын әлемдегі қаншама мемлекеттің қай-қайсысын болмасын алаңдатып отыр. Сондықтан дерттің алдын алып, қоғамға таралу жолдарын кесіп, оның ұлғаюына жол бермеуіміз керек.

Сыбайлас жемқорлықпен күресу үшін ҚР-ның әрбір азаматының іс-әрекеті үлкен маңызға ие. Оның шектен тыс орын алуына пара алушылар ғана емес, пара берушілерде әсер ететінін ескергеніміз абзал.

***М.РЫСБЕК,***
***ҚР АШМ Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетініңСозақ аудандық аумақтық инспекциясының бас маман мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы.***

# Есірткілер немен қауіпті?

«Есірткісіз қоғам құру– Қазақстанның әрбір азаматының алдындағы міндет. Есірткінің, оның ішінде синтетикалық есірткінің таралуы болашақ ұрпақтың әл-ауқатына қауіп төндіретіні бәріңізге белгілі. Осыған орай мектептерде есірткіге қатысты түрлі іс-шаралар көптеп өткізілуде. Жасөспірімдерге есірткінің зияны туралы айтылатын пайдалы жиындарды өткізу, құқықтық сауаттылығын арттыру арқылы олардың есірткіге тәуелді болмау жолдарының алдын алуға болады. Бүгінде қалалық білім ошақтарында түрлі семинар, дәрістермен дөңгелек үстел, сондай-ақ ата-аналардың қатысуымен түрлі шаралар ұйымдастыру дәстүрге айналған. Біз күш біріктірудің арқасында өскелең ұрпаққа оң ықпал етіп, салауатты болашақты қамтамасыз ететінімізге сенеміз. Әр қоғамның өзінің бас ауыртар ірі-ірі мәселесі болады. Қоғам өркендеп адам ой-санасы дамыған сайын оған төнер дерт кесел де ғаламаттай қуаттанып, бой бермес бас асаудай күшейе түсетін түрі бар. Өкініштісі сол қарап отырсаңыз осындай ем қонбайтын кеселді, дерттерді адамдар өздері ойлап табады.Әлемді жайлаған нашақорлық дерті күн сайын тамырын тереңге жайып барады. Бұл «жұқпалы ауруға» Қазақстан да шалдыққан. Ол уақыт озған сайын асқынып бара жатыр деп айтуға болады. Оған әр түрлі себептері бар. Ең негізгісі – есірткі және психотроптық заттарға қол жетімділік. Бұған дәлел күн сайын әр-түрлі есірткі немесе психотроптық заттармен ұсталғандар жәйлі ақпарттар. Есірткі заттарды қолданатындардың басым көпшілігінемектеп жасындағы бойжеткендер мен бозбалалар жатады. Өйткені жасөспірімдер еліктегіш келеді, сондықтан бір рет есірткіні қолдансам ештеңе ете қоймас деп, қалай нашақор болғанын білмей қалады. Ал есірткінің қармағына бір іліккен адам, одан оңай құтылып кете алмайды.

Нашақорлық дертіне шалдыққан адам онсыз өмір сүре алмайтындай күйге түсіп өзінің денсаулығын, өмірін құртып қана қоймай, жақындарының, қоршаған адамдардың өміріне де қауіп төндіреді.

Нашақорлық– есірткі заттарына паталогиялық құмарлық. Нашақорлық– бүкіл қоғамның қасіреті, болашағымызға қауіп төндіріп тұрған індет. Нашақорлыққа көбінесе жасөспірімдер шалдығады, алайда осы кезде ересектер арасында да есірткінің тұзағына түсіп қалған адамдар көбейіп келеді. Нашақорлық–жеке тұлғаның толық бұзылуы. Нашақорлықты емдеумен айналысатын мамандар оны «биопсихоәлеуметтік рухани» бұзылыс деп атайды. Яғни есірткіге тәуелді адам бірте-бірте өзін-өзі сыйлауды жоғалтады: өзінің адамгершішік қасиеттерін жояды, психикасы қалыпты болмайды, достарынан, отбасынан айырылады, мамандық ала алмайды және қоршаған адамдарға, өзіне зиян келтіреді.

Есірткілер немен қауіпті?

Есірткілерді тұтыну психикалық және тәндік тәуелділікке, адам тұлғасының кейде азғындалуға дейін өзгеруіне, денсаулығының нашарлауына (ауруларға және асқынуларға) әкеліп соғады және өміріне қауіп төндіреді. Есірткі тұтынатын жасөспірімдер мен жастар өздерін қоғамға және Заңға қарсы қояды, олардың болашағы жоқ. Нашақорлыққа шалдыққан науқас өмірінің орташа ұзақтығы 2-3 жыл. Нашақорлық қоғам дерті. Нашақорлықпен күресуге жалғыз адамның шамасы келмейді. Бұл жерде заң сақшылары нарколог мамандар, ата-аналар және сіздер мен біздер әрбір Қазақстан азаматы шетте қалмау керек. Ғасыр дертімен күресу керек. Дүниедегі ең қымбат нәрсе ол сенің өмірің. Сенің өмірің ол өз қолыңда. Нашақорлыққа қарсы күрес жүргізу, оның алдын-алу біздің қолымызда, себебі біздер жаңа дәуірде елімізді сақтайтын жігерлі, мықты, денсаулығы зор ұрпақ жалғастыратын қазақ елінің салауатты ұрпағымыз. Кішкентай ғана аз ғұмырымызда тұңғиық түбіне батпай, ата-бабаларымыз бізге аманат еткен тәуелсіз еліміздің көк туын төмен түсірмей, біріге көкке көтерейік.

***Сызған ауылдық округі әкімі аппараты ММ-сі.***

Сенімгерлік басқарушы:
"Agro-sozak" ЖШС
Меншік иесі-
"Созақ үні" газеті редакциясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директор:
Абилпаттаев Ержан Бакытжанович

Бас редактор:
Мақсат Қарғабай

Жауапты хатшы:
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ

Редакция құрамы:
Аға тілші-
Данияр БЕКОВ
Тілші
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайншы-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Терімші-
Бағила АЯЗБАЕВА
Фототілші-
Құрмаш Тұрғанов

Қолжазбалар өңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданбайды.

**Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.**

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Тәшенов көшесі, №24.

*Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы*

**Газет А-3 көлем форматта аптасына 2 рет шығады**
**Индекс 64450**
**Редакцияның мекен-жайы:** *161000, Шолаққорған ауылы, С.Қожанов көшесі 68, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97*

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы - 3500 дана

Кезекші редактор:
Н.Шертаев